

"Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 18 сәуірдегі N 110 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3585

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 14 (нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 913 болып тіркелген, нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 914 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 24 тамыздағы N 66 бұйрығымен, нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3325 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 361 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу туралы **Е р е ж е д е :**

16-тармақта "төлем ақысын" деген сөздер "жылжитын мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"төлемнің" деген сөз "алымның" деген сөзбен ауыстырылсын;

24-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жылжитын мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алынатын алымның төленгенін растайтын құжатының болмауы.";

26-тармақ алынып тасталсын;

28-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық оның ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр